

6D080800 - «Топырақтану және агрохимия»мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Муминова Шолпан Самандаровнаның «Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштармен биореттегіштердің әсері» тақырыбына орындаған диссертациялық жұмысына ғылыми кеңесшісінің,

ПІКІРІ

Муминова Шолпан Самандаровна 2019 жылы Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетіне 6D080800 – Топырақтану және агрохимия мамандығы бойынша докторантураның күндізгі бөліміне оқуға түсті.

Докторантурада білім ала отырып, мақсатты қаржыландыру бағдарламасы шеңберінде гранттық жобаны жүзеге асыруға белсене қатысты: «Әлемдік әртүрлілікті пайдалана отырып, елдің әртүрлі өңірлері үшін жаңа, жоғары өнімді, стресстік факторларға төзімді ортада жоғары сапалы майбұршақ сорттарын алу және өндіру» (Тіркеу нөмірі №0118РК01208) 2018-2020 жж.

Ш.С. Муминованың «Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштармен биореттегіштердің әсері» тақырыбы бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулері, алғаш рет Оңтүстік Қазақстанның сұр топырақтарында майбұршақтың қарқынды сорттарының өнімділігі мен технологиялық сапасына минералдық тыңайтқыштармен өсу реттегіштердің әсері зерттелді. Зерттеу кезінде майбұршаққа зертханалық бақлау жасалды. Бақлау кезінде майбұршақ өсімдігінің өсуіне минералдық тыңайтқыштарды қолданып қоректендіру мен өсу реттегіштері арқылы дамуын реттеп экологиялық таза, бәсекеге қабілетті отандық өнім алуға болатыны анықталды. Интенсивті сорттардың шығымдылығы мен дән сапасының қалыптасу шамасына қоректену жағдайларының рөлі анықталды; Қазақстанның оңтүстігінде суару жағдайында интенсивті сорттарды өсірудің экономикалық және энергетикалық тиімділігі белгіленді.

Зерттеу жұмысының нәтижелерінің мәліметтерін баспа беттерінде жариялады. Диссертациялық жұмыс бойынша 7 ғылыми еңбектері жарық көрді, оның ішінде ҚР БҒМ білім және ғылым аясындағы бақылау комитетімен ұсынылған ғылыми баспаларында -3 мақала, Scopus компаниясы мәліметтерінің базасына енетін журналдарда – 1 мақала, халықаралық ғылыми конференциялардың материалдарында- 3 мақала және 2 өндіріке ұсыныс жариялады.

Ш.С. Муминова тапсырманы толық орындады. Ол диссертация қорғауға ұсынылатын келесі негізгі нәтижелерді алуға мүмкіндік беретін зерттеу әдістемесін меңгерді:

- Әртүрлі тыңайтқыш нұсқалары бар майбұршақ дақылдарының жер үсті биомассасының өсу, даму, жинақтау ерекшеліктері.

